



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ  
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ  
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ  
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

## АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ  
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

## МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

## АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

## МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ  
КОНФЕРЕНЦИИ  
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,  
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ  
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02  
ББК 74.00  
И 63

## РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

**Куанышбаев Сеитбек Бекенович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

**Жарлыгасов Женис Бахытбекович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

**Скударева Галина Николаевна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

**Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

**Ибраева Айман Елемановна**, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

**Онищенко Елена Анатольевна**, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

**Демисенова Шнар Сапаровна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

**Утегенова Бибикуль Мазановна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

**Смаглий Татьяна Ивановна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

**Жетписбаева Айсылу Айратовна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02  
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023  
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

фрагмент, отвечающий за синтез этих белков. Предполагают, что не только в рисе, но и в других растениях имеется аналогичный механизм, отвечающий за обеспечение растения кремнием и его транспорт [7].

В диссертации российского ученого В.В.Матыченкова (2008) приведены доказательства наличия активного поглощения и перераспределения кремния в растениях (не кремнефильного апельсина). Результаты показали, что общее содержание кремния в листьях, инфицированных грибом, значительно выше, чем в здоровых.

Кремний придает растениям механическую прочность, укрепляет стенки эпидермальных клеток и предотвращает полегание, обеспечивая жесткость различных органов растения. Однако исследования последних лет указывают на необходимость пересмотреть устоявшиеся взгляды на роль кремния исключительно как структурного элемента клеточных стенок или инертного балласта.

Доказано, что кремний в оптимальных дозах способствует лучшему обмену в тканях азота и фосфора, повышает потребление бора и ряда других элементов; обеспечивает снижение токсичности избыточных количеств тяжелых металлов. Оптимизация кремниевого питания растений приводит к увеличению площади листьев и создает благоприятные условия для биосинтеза пластидных пигментов. В таких условиях у растений формируются более прочные клеточные стенки, в результате чего снижается опасность полегания посевов, а также поражения их болезнями и вредителями. (Кемечева М.Х., 2003) Одной из важных функций активных форм кремния является стимуляция развития корневой системы [8].

#### **Список литературы:**

1. Матыченков В.В. Роль подвижных соединений кремния в растениях и системе почва–растение: автореф. дисс.. докт. биол. наук / В.В.Матыченков М.: Пуцдино, 2008. 38 с
2. Williams D. Manganese toxicity in standard culture solutions / D.Williams, J.Vlamis // Plant Soil. 1957. №8. 193–193 p.
3. Yoshida S. Chemical aspects of the role of silicon in physiology of the rice plant / S.Yoshida //Bull. Nat. Jnst. Agric. Sci, 1965. Ser. B.№ 15. 1–58 p.
4. Капранов Владимир Николаевич. Использование природных агрохимических средств в качестве источников минерального питания полевых культур: автореф. дис. ... д–ра сельскохозяйственных наук: 06.01.04 / В.Н.Капранов. М., 2009. 42 с.
5. Семенкова И.Г. Фитопатология / И.Г.Семенкова. М.: Академкнига, 2003. 480 с.
6. A.Okuda E. Takahashi // John Hopkins Prass. Baltimore, 1965. Plant. 123–146 p.
7. Кудинова Л.И. Влияние кремния на вес растений ячменя // Агрохимия. 1974. №1. 142–144 с.
8. Швейкина Р.В. Влияние кремниевых удобрений на подвижность фосфат–ионов в почве. Пермь, 1986, 77–79 с.

ӘОЖ 32.973

### **ҚАЗІРГІ ЗАМАН ТАЛАБЫМЕН ҰШТАСТЫРУ АРҚЫЛЫ, ЖАСТАРҒА БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЦИФРЛЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЖӘНЕ ІТ САЛАСЫН ДАМУ**

Ермагамбетова Улдыкыз Тулегеновна  
С.Мәуленов атындағы гимназияның  
информатика пәні мұғалімі (педагог–зерттеуші)  
Қостанай қаласы, Қазақстан  
E–mail: uldikis@mail.ru

#### **Аннотация**

*Қазіргі заман талабымен ұштастыру арқылы, жастарға білім берудегі цифрлы технологияларды және ІТ саласын дамытудың пайдасы және жолдары, кәсіптік білім беруге баулу жазылған.*

**Түйінді сөздер:** цифрлық технология, ақпараттық құралдар.

#### **Аннотация**

*Выписаны преимущества и пути развития цифровых технологий и ИТ–сферы в обучении молодежи, а также внедрения их в профессиональное образование в сочетании с современными требованиями.*

**Ключевые слова:** цифровые технологии, информационные инструменты

#### **Abstract**

*The advantages and ways of developing digital technologies and the IT sphere in teaching young people, as well as introducing them into vocational education in combination with modern requirements, are outlined.*

**Key words:** digital technology, information tools

Еліміздің саяси, әлеуметтік, экономикалық өзгерістеріне сай білім беруді жетілдірудің негізгі бағыттарының бірі – білім беруді ақпараттандыру және ақпараттық технология құралдарын жаңа жағдайда қолдану арқылы жеке тұлғаның танымын зияткерлік әлеуетін дамыту негізінде әлемдік білім деңгейіне қол жеткізу. Осы тұрғыда Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде ... қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, қашықтықтан оқыту, ақпараттық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану» – деп, ақпараттық технологияны бәсекеге қабілетті ұлттық білім беру жүйесін дамыту және оның мүмкіндіктерін әлемдік ақпараттық ортаға ену мақсатында қолдану ұсынылып отыр [1].

Қазіргі ақпараттандыру дәуірі оқу үдерісінде ақпараттық технология мүмкіндіктерін кең көлемде қолдануды қажет етеді. «Білім беру жүйесін ақпараттандыру – берілетін білім сапасын көтеруді жүзеге асыруға бағытталған үдеріс, еліміздің ұлттық білім жүйесінің барлық түрлерінде қазіргі технологияларды тиімді ақпараттық технологияларға алмастыру, оларды сүйемелдеу және дамыту, нақты жүзеге асыру шаралары» болып табылады. Әлемдік ғылым мен практикада ақпараттық технологияны оқыту үдерісіне енгізу келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын психологиялық, педагогикалық жағдай жасау үшін тигізер пайдасы зор.

Білім беру жүйесін ақпараттандырудың ғылыми негізделген әлеуметтік–философиялық тұжырымдамасы мен компьютермен оқытудың бағыттарына арналған іргелі және қолданбалы сипаттағы мәселелер, ақпараттық технологиялардың мәні, мазмұны мен құрылымы алдыңғы қатарлы ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған. Олар аталған ұғымға «компьютерлік технология», «ақпараттық технология», «ақпараттық–коммуникациялық технология» ретінде түрлі деңгейде анықтама берген:

– ақпаратты өңдеу, түрлендіру, тасымалдау, тарату технологиясы, есептеуіш техниканы, желіні және жүйені (жасанды интеллекті қоса алғанда), программалық құралдарды және т.б. жасау технологиясы (В.В.Персианов, Н.А.Шайденко);

– ақпаратты жинау, ұйымдастыру, сақтау, өңдеу, тасымалдау және ұсынудағы адамдардың білімін кеңейтетін және олардың техникалық және әлеуметтік үдерістерді басқару мүмкіндігін дамытатын әдістер мен техникалық құралдардың жиынтығы (М.И.Жалдак);

– оқытуда компьютерді қолдану (Н.В.Апатова);

– нысан, үдеріс немесе құбылыстың жағдайы туралы жаңа сапалы ақпаратты алу мақсатында алғашқы ақпаратты өңдеу мен тарату, жинақтау әдістері мен құралдарының жиынтығын қамтитын үдеріс (И.В.Роберт);

– ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және тасымалдаумен сипатталатын әртүрлі әдіс, тәсілдерді жалпылайтын ұғым (Е.Ы.Бидайбеков);

– негізгі ақпараттық үдерістерді автоматтандыруға арналған және программалық өнімдерді пайдаланып, дамытуға байланысты компьютерді қолдануға негізделген технология (Ш.Х.Құрманалина).

Жоғарыдағы аталған ғалымдардың көзқарасынан ақпараттық технология компьютер арқылы оқытудың жүйелі әдісі, техникалық ойлау және танымдық әрекетіне бағыттап оқытуда түрлі техникалық, электрондық және компьютерлік құралдарды қолдану.

Қазіргі уақытта білім беру жүйесін басқару мен оқытуда ақпараттық – технологияны қолданудың бірнеше негізгі бағыттарын ерекшелеп көрсетуге болады:

– ақпараттық технологияны оқу материалын баяндаудағы көрнекілікті арттыру, әртүрлі нысан мен үдерістерді үлгілеу, оқу материалын жүйеге келтіру мен логикалық реттеу, жаттықтыру, меңгерілген білімді бақылау үшін көрнекілік құрал ретінде пайдалану;

– оқытудың әртүрлі формасын жүзеге асыру: дербес, ұжымдық, өзіндік, қашықтықтан оқыту. Оқыту үдерісін автоматтандырылған оқыту жүйелерін қолдану арқылы автоматтандыру;

– әртүрлі пәндер бойынша компьютерлік оқу курстары мен программалық әдістемелік кешендерін жасақтау;

– ғылыми негізделген компьютерлік оқу программаларының сценарийін жасау, педагогикалық программалық құралдардың сапасын сараптау мен оны бағалау;

– білім беру жүйесінде компьютерлік телекоммуникацияны қолдану;

– білім беруді басқаруда ақпараттық технология құралдарын кәсіби қолдануға баулу (басқарудың автоматтандырылған жүйелері, автоматтандырылған жұмыс орындары);

– психологиялық–педагогикалық зерттеулерде ақпараттық технология құралдарын қолдану.

Жылдан–жылға дамып келе жатқан материалдық–техникалық мүмкіндіктер мұғалімдерге, оқушыларға жоғарыда аталған бағыттардың әртүрлі аспектісін меңгеруге мүмкіндік береді. Мұндай бағыттарды жүзеге асыруда оқыту үдерісінде қолданылатын ақпараттық технология құралдарының алатын орны ерекше.

И.В.Роберт ақпараттық технология құралдарын микропроцессорлық техника құралдары негізінде басқарылатын программалық, программалық–аппараттық және техникалық құралдар мен

құрылғыларды, сондай-ақ ақпаратты тасымалдаудың қазіргі құралдары мен жүйелері, ақпаратты жинау, қорландыру, өңдеу, сақтау, тарату, пайдалану операцияларын қамтамасыз ететін ақпараттық алмасу, компьютерлік желілердегі ақпараттық ресурсқа кіру мүмкіндігі деп түсіндірген [2].

В.В.Гриншкун программалық қамтамасыз етілу тұрғысынан қарастырып, білім беру саласында қолданылатын ақпараттық технология құралдарының негізін перифериялық құрылғылармен жабдықталған дербес компьютердің құрайтындығын және оның мүмкіндіктері программалық қамтама-сыз етілумен анықталатындығын көрсеткен. Ол программалық құралдардың негізгі көрсеткіштеріне жүйелік, қолданбалы және құрал-саймандық программаларды негіздеген. Жүйелік программалар ретінде компьютер мен жабдықтардың, адамның арасындағы өзара әрекетті қамтамасыз ететін операциялық жүйелерді, сонымен қатар қызметтік, сервистік программаларды қарастырған. Қолданбалы программаларға ақпараттық технологияның құралдары болып табылатын программалық қамтамасыз етуді – мәтінмен, графикамен, кестелік мәліметтермен жұмыс жасау технологиясын жатқызса, үшінші түріне программалық қамтамасыз етуді өңдеуге арналған программаларды арнаған.

Қазіргі заманның белгілі педагогы П.И.Пидкасистый, Т.О.Балықбаев, Е.Ы.Бидайбеков еңбектерінде ақпараттық технология оқу ақпаратын алуға және білімді меңгеру үдерісін басқаруға, оқушыларды ұйымдастыруға, білімді қабылдауға, оқу мазмұнын объективті түрде беруге, оқу ақпаратын өзінің көзімен байланыстыруға, оқушылардың танымдық қызығушылығын ынталандыруға, арнайы жағдайда оқушылардың оқуға эмоционалды-жағымды көзқарастарын туғызуға, оперативті бақылау және оқыту нәтижесін өздігімен бақылауға мүмкіндік береді деп пікір білдіреді [3].

Ақпараттық технология құралдарының білім беру үдерісінде пайдаланылуы М.В.Буланова, А.В.Духовнева, Д.Н.Исабаева және т.б. ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған [4]. Олар білім берудегі ақпараттық технологияның қолданылуы: біріншіден, компьютерлік техника және информатиканы оқытудың нысандары ретінде, екіншіден, компьютер педагогикалық әрекеттің тиімділігін арттыру құралы, үшіншіден, компьютер білім беру жүйесіндегі ғылыми-зерттеу жұмыстарының тиімділігін арттыру құралы, төртіншіден, білімдік, педагогикалық басқару жүйесінің компоненті ретінде қарастырады.

Оқытудың техникалық құралдары, соның ішінде ақпараттық технология құралдары ақпараттың көздері туралы оқушының пән бойынша түсінігін нақтыландырады, аудиовизуалды құралдар арқылы оқу ақпаратына әуестігін, эмоционалды жағымды көзқарасын оятып, оқуға қызығушылығын күшейтеді.

Аталған құралдар білім беру жүйесінде, қазіргі қоғамның бүтіндей дамуында маңызды орын алып, сабақты жаңаша өткізуге, жекеше алғанда оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастыруға бағытталған оқыту технологияларын, әртүрлі әдістерді, құралдарды қолдануға мүмкіндік береді және білім беру сапасын жаңа деңгейге жеткізеді.

Дәстүрлі оқыту барысында оқушы тек мұғалім мен құрбыларымен қарым-қатынаста болады, ақпараттық технология құралдары қолданылған сабақтарда оқушы компьютермен қарым-қатынас жасау арқылы танымдық, ақпараттық қажеттілігін дамытуға мүмкіндік береді. Қазір білім беру саласында жаңа жүйе жасалып, әлемдік білім кеңістігіне ену бағытында елеулі істер атқаруда. Инновация білім деңгейінің көтерілуіне жағдай туғызады. Қазіргі кезеңде оқушының өз бетімен білімге ие болу барысында оның белсенді іс – әрекетін ұйымдастыру оқу үдерісіне қойылатын негізгі талаптардың бірі болып табылады. Ақпараттық технология құралдары ақпаратты жинақтау, сақтау, өңдеу және бейнелеуді қамтамасыз ететін бірыңғай технологиялық жүйеге біріктірілген әдістер, өндірістік үдерістер және программалық техникалық құралдар жиынтығы ретінде ақпараттық ресурстарды пайдалану үдерісін оңтайландыратын және оның сенімділігі мен жылдамдығын арттыратын болғандықтан, оған келесідей анықтама береміз: *ақпараттық технология құралдары компьютерлік техника мен желілерді қолдану негізінде ақпараттық үдерістерді жүзеге асыруға бағытталған аппараттық және программалық құралдар*. Осы анықтаманың негізінде білім беру жүйесіндегі аппараттық және программалық құралдарды ұсынуды жөн көрдік (1-кесте).

**1–кесте. Білім беру жүйесіндегі ақпараттық технология құралдары**

<i>Аппараттық құралдар:</i>	<i>Педагогикалық мүмкіндігі</i>
Компьютер	Кез келген ақпаратты өңдеуге арналған әмбебап құрал
Интерактивтік тақта	Оқу сабақтарын ұйымдастыруға және семинарлар мен пікірталастар өткізуге ыңғайлы құрал
Принтер	Мұғалім мен оқушылардың дайындаған ақпаратын қағазға шығаруға арналған құрылғы
Проектор	Сабақтың көрнекілік деңгейін арттыруға және оқушылардың өз жұмыстарының нәтижесін көрсетуге арналған құрал
Телекоммуникациялық блок Пернетақта және тышқан	Отандық немесе әлемдік ақпараттық ресурстарға кіруге мүмкіндік беретін қашықтықтан оқытуға, басқа мектептермен хат алысуға көмектесетін құрал Мәтіндік ақпаратты енгізуге және экрандағы нысандарды басқаруға арналған құралдар
Сыныптағы және мектептегі желі	Ақпараттық желіге кіруге мүмкіндік беретін ақпараттық, техникалық және уақыттық ресурстарды тиімді қолдануға көмектеседі.
Дыбыс-бейне құралдары	Сканер, фотоаппарат, видеокамера, магнитофон қоршаған әлемнің ақпараттық бейнесін оқыту үдерісіне енгізуге мүмкіндік береді
<i>Программалық құралдар:</i>	<i>Педагогикалық мүмкіндігі</i>
Ақпараттың өзегі – интернет	Ұйымдастырылған ақпараттық массивтер – компьютердегі энциклопедиялар, ақпараттық сайттар және Интернет жүйесі
Виртуалды конструкторлар	Көрнекілік, математикалық және физикалық нақтылықтың символдық үлгілерін құрастыруға, осы үлгілерге эксперимент жүргізуге мүмкіндік береді
Жаттықтырғыш–тар	Ақпараттық нысандармен жұмыс жасау дағдысын қалыптастыруға – мәтінді енгізу, экрандағы графикалық нысандармен жұмыс, жазбаша және ауызша жұмыстар жүргізуге бағытталады
Компьютерлік тест программалары	Оқушылар автоматты түрде компьютер арқылы тапсырманы орындайды және нәтижесін алады. Компьютер оқушыны бағалайды
Оқытушы кешендік жиынтық электр. басылым	Жоғарыда аталған программалық құралдардың сәйкестігіне қарайдестүрлі түрде оқыту үдерісін автоматтандырады, мұғалім мен оқушы іс-әрекетін дербестендіреді
Басқарудың ақпараттық жүйелері	Білім беру үдерісінің барлық қатысушыларымен– оқушылар, мұғалімдер, басшылық, ата-аналар, қоғам мүшелерінің арасындағы ақпараттық ағындардың жүруін қамтамасыз етеді

Қорыта келе, ақпараттық технология құралдары білім беру үдерісінде қолдану – өзінің тәсілдері мен мақсаттары бар, белгілі бір теориялық базаны, ерекше әдістерді қамтитын біртұтас үдеріс болып табылады. Сондықтан, олар арқылы орындалатын оқу әрекеттері қарым-қатынастың жоғарғы деңгейіне көшеді, дәстүрлі оқыту кезінде оқушыға қалыптастыруға келмейтін арнайы іскерліктерді қалыптастырады. Қазіргі жас буын жан-жақты терең білімді, саяси-экономикалық сауатты, яғни интеллектуалдық деңгейі жоғары болса, тәуелсіз мемлекетіміздің мықты тірегі болатынына сеніміміз мол. Мен өзім үйлестіруші ретінде білім алушының бойында патриоттық сезімі, ұлттық сана-сезімі, ұлттық рухы, азаматтылығы мен әлеуметтік белсенділігі жоғары деңгейлі зияткер әрі бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеймін деген ойдамын. Ақпараттандыру технологиясы арқылы заман талабынан сай сабақ беріңіз тиімділігі өте көп. Күнделікті сабаққа видео, аудио қондырғыларды мен теледидарды, компьютерді, интерактивтік тақта мен мультимедиялық проекторларды пайдалану үлкен нәтижелер беретініне әр мұғалім өзі көз жеткізіп отыр. Жаңа ақпараттық технологияның ерекшелігі мұғалімдер мен оқушылардың бірлесіп, шығармашылықпен жұмыс істеуіне ықпал етеді. Мектептердің оқу-тәрбие үрдісіне жаңа ақпараттық технологияны енгізу арқылы оқу сапасы жақсарып, дамыта оқыту жүзеге асырылып, сабақ қарқыны жеделдетіледі. Электрондық оқулық мектеп оқушыларын ақпараттық технологияны кіші жастан меңгеруге көмектесіп, оқушылардың өз бетімен білімдерін толықтыруларына мүмкіндік береді. Орта білім беру мазмұнының жаңаруына байланысты бүгінгіжаңа дәуір, ертеңнің тұтастығын еркін ұстап, озық технологиялыелдермен терезесінтең тұту.

**Әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасындағы білім туралы заңнама. Заң актілерінің жиынтығы. Алматы: Юрист, 2008. 240 б.
  2. Роберт И.В. О понятийном аппарате информатизации образования // Информатика и образование. 2003. №1. 2–6 с.
  3. Бидайбеков Е.Ы. Білім берудің әртүрлі деңгейлерінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану әдістері. Білім саласындағы инновациялық ақпараттық педагогикалық технологиялар жаңашыл педагогтардың 3-ші форумы. Шымкент, 2012. 204–208 с.
  4. Исабаева Д.Н. Бастауыш сынып оқушыларының танымдық қызығушылығын қалыптастыруда ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарын қолдану әдістемесі: Пед.ғыл.канд ... авторефераты. 13.00.02. Алматы, 2009. 8 б.
- ӨОЖ 004.52